

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара трансшекаралық саудасы шеңберінде жекелеген тауарларды, оларды өткізу кезінде есепке алу жүйесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 640 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 10 наурыздағы № 167 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 12 наурызда № 38140 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара трансшекаралық саудасы шеңберінде жекелеген тауарларды, оларды өткізу кезінде есепке алу жүйесін ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 640 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12402 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өзара трансшекаралық саудасы шеңберінде жекелеген тауарларды, оларды өткізу кезінде есепке алу жүйесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықта:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Тізбеге енгізілген тауарлар, сондай-ақ ЕАЭО СЭҚ ТН коды және атауы ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттерге әкетілетін Тізбеге енгізілген тауарлар туралы мәліметтердің тауарлар туралы ақпаратпен арақатынасы шот-фактураны жазып беру қағидаларына және оның бекітілген нысанындарына сәйкес жазып берілетін электрондық шот-фактурада көрсету арқылы жүзеге асырылады, 2025 жылғы 28 қазандағы Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің "шот-фактураны және оның нысанын жазып беру қағидаларын бекіту туралы" № 629 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37241 болып тіркелген)" көрсетілген тауарларды сату кезінде:

электрондық шот-фактураның G бөлімінің 2-бағанында көрсетілген тауардың шығу белгісі;

үшінші елдерден әкелінген тауар өткізілген жағдайда – тауарларға арналған декларацияның тіркеу нөмірін және декларацияланатын тауардың реттік нөмірін;

тауарларға арналған декларацияның 32-жолында көрсетілген тауардың реттік нөмірі-үшінші елдерден әкелінген тауар өткізілген жағдайда;

2009 жылғы 11 желтоқсанда қол қойылған жанама салықтардың төленген сомалары туралы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің салық органдары

арасында электрондық түрде ақпарат алмасу туралы хаттамамен бекітілген тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің (бұдан әрі-тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш) нөмірлері – бұрын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің салық органдары арасында ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағы;

тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің 1 – бағанында көрсетілген тауардың реттік нөмірі-бұрын ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауар өткізілген жағдайда;

тауардың шығарылған жері сертификатының тіркеу нөмірі СТ-1 немесе СТ-KZ нысаны – Қазақстан Республикасында өндірілген тауар өткізілген жағдайда;

аумағына тауар әкетілетін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің әріптік коды;

межелі пункт-тауарды ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына әкеткен жағдайда;

тауар атаулары;

ЕАЭО СЭҚ ТН коды;

санының (көлемінің) өлшем бірлігін көрсете отырып, тауардың саны (көлемі).".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

М. Такиев